

БҰЙРЫҚ

04.04.2017 № 159

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау (пилоттық жоба) кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлерге бағалау жүргізу тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережелеріне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау (пилоттық жоба) кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлерге бағалау жүргізу тәртібі бекітілсін.


2. Даму және үйлестіру департаментінің Ұйымдастыру-қаржы басқармасы (Н.В. Стрельцова) Ақмола, Қарағанды облыстары мен Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің назарына жеткізсін.

3. Талдау, статистика және тәуекелдерді басқару департаментінің Тәуекел-менеджмент басқармасы (Е.Е. Сағынаев) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурстарында орналастырсын.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау А.М. Қыпшақовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



А. Теңгебаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті
төрағасының
20 17 жылғы «04» 04
№ 139 бұйрығымен
бекітілді

**Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды
қазынашылық қолдау (пилоттық жоба) кезінде
мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлерге
бағалау жүргізу
тәртібі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп қосалқы мердігерлердің салық міндеттемелерін орындамау немесе толық орындамау тәуекелдерін барынша азайту мақсатында әзірленді және құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдауға қатысу кезінде мемлекеттік кірістер органдарының әрекеттерін айқындайды.

2. Осы тәртіптің шеңберінде мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

қазынашылық қолдау – құрылыспен байланысты бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын, қазынашылық органдарындағы шоттар арқылы төлемдерді жүргізудің барлық кезеңдерінде жобаға барлық қатысушылардың – бас мердігердің, қосалқы мердігердің, өнім берушінің салықтарды төлеуінің толықтығын қамтамасыз етуді бақылау;

қосалқы мердігер – құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алу шеңберінде Бас мердігермен қосалқы мердігерлік шарт бойынша жекелеген кешендерді немесе жұмыс түрлерін орындайтын ұйым;

инжинирингтік компания – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында көрсетілетін қызметтерді (техникалық қадағалауды, жобаны басқаруды) жүзеге асыратын компания;

ИСАЖ АЖ – «Интеграцияланған салықтық ақпараттық жүйе» ақпараттық жүйесі;

ДБС АЖ – «Деректерді бірыңғай сақтау орны» ақпараттық жүйесі;

уәкілетті бөлімше – қосалқы мердігерлердің бағалауын жалпы үйлестіруді және оның есептеуін орындауға бақылауды жүзеге асыратын

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің құрылымдық бөлімшесі.

2. Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлерді бағалауы мемлекеттік сатып алу шарты бойынша сома 1 млн. теңгеден асатын қосалқы мердігерлерге (бұдан әрі – қосалқы мердігерлер) қатысты осы тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар бойынша қолданылады.

2. Бағалауды жүргізу тәртібі

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережелеріне сәйкес қосалқы мердігерден салық құпиясы болып табылатын мәліметтерді алуға жазбаша рұқсаттар қоса беріле отырып, сканерленген түрде GosZakup@mgd.kz электрондық жіберіліміне Excel форматында қайталана отырып, конкурс жеңімпазынан осы тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес қосалқы мердігерлердің тізбесін бағалауға арналған сұрау салуды алады.

Жіберілімге мыналардың:
уәкілетті бөлімшенің;
аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының;
инжинирингтік компаниялардың жауапты лауазымды адамдарының электрондық мекенжайлары енгізіледі.

5. Аумақтық мемлекеттік кірістер органы қосалқы мердігерлерді бағалауды қазынашылық қолдау жүзеге асырылатын жер бойынша жүргізеді.

6. Егер қосалқы мердігер бір өңірде аумақтық мемлекеттік кірістер органының тіркеу есебінде тұрса, бұл ретте қазынашылық қолдау басқа өңірде жүзеге асырылса, онда аумақтық мемлекеттік кірістер органы бағалауды конкурс жеңімпазын қазынашылық қолдау жүзеге асыралатын жер бойынша республикалық дерекқорға қолжетімділіктің бар-жоғын ескере отырып жүргізеді.

7. Қосалқы мердігерлерді бағалауды есептеу қорытындылары бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органы сұрау салуды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде:

осы тәртіпке 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосалқы мердігерлерді бағалау нәтижелері туралы ДБС АЖ-да хабарлама жауапты қалыптастырады;
конкурс жеңімпазының электрондық поштасына қайталай отырып, оның салық төлеушінің кабинетіне және инжинирингтік компанияға хабарлама жауапты жібереді.

8. Жауапты аумақтық мемлекеттік кірістер органының жауапты лауазымды адамдары қалыптастырады және бекітеді.

9. Осы тәртіптің 8-тармағында көрсетілген жауапты лауазымды адамдардың тізбесін аумақтық мемлекеттік кірістер органының басшысы бекітеді.

3. Қорытынды ережелер

10. Аумақтық мемлекеттік кірістер органының лауазымды адамдары осы тәртіпті іске асыру шеңберінде пайдаланылатын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауаптылықта болады.

Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау (пилоттық жоба) кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлерге бағалау жүргізу тәртібіне
I-қосымша

Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау (пилоттық жоба) кезінде мемлекеттік кірістер органдары қолданатын қосалқы мердігерлерді бағалау өлшемшарттары

№	Бағалау өлшемшарттары
1	заңды тұлғаның басшысы (құрылтайшысы/қатысушысы) немесе дара кәсіпкер соттың заңды күшіне енген үкімінің немесе қаулысының негізінде жалған кәсіпорын деп танылған заңды тұлғаның басшысы және (немесе) құрылтайшысы/қатысушысы болып табылады;
2	заңды тұлғаның басшысы (құрылтайшысы/қатысушысы) немесе дара кәсіпкер тіркелуі жарамсыз деп танылған заңды тұлғаның басшысы және (немесе) құрылтайшысы/қатысушысы болып табылады;
3	заңды тұлғаның басшысы (құрылтайшысы/қатысушысы) немесе дара кәсіпкер өзіне қатысты жалған кәсіпкерлік және алаяқтық бойынша қылмыстық іс қозғалған адам болып табылады (тиісті дерекқорға рұқсат берілгеннен кейін есепке жатады);
4	соңғы салықтық зерттеп-қараудың деректері бойынша тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша болмауы және (немесе) салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде орындалмаған хабарламалардың болуы себебімен банк шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған;
5	жалған кәсіпорындармен, әрекетсіз салық төлеушілермен және тіркеуін сот жарамсыз деп таныған салық төлеушілермен мәмілелерді, сондай-ақ жасалуын сот кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жүзеге асырылған деп таныған мәмілелерді жүзеге асыру, өзара есеп айырысу сомасы 1 млн. теңгеден жоғары. Есептесу талап қою мерзімі бойынша жүзеге асырылады;
6	еңбекке ақы төлеу қорының жылдық жиынтық кіріспен арақатынасы 0,1 %-дан төмен, салық декларация тапсырылған соңғы салық кезең бойынша;
7	активтерінің болмауы – соңғы 12 айда көлік, мүлік және жер салығы бойынша есепке жазудың болмауы.

Құрылыс бойынша
 мемлекеттік сатып алуды
 қазынашылық қолдау (пилоттық
 жоба) кезінде мемлекеттік кірістер
 органдарының қосалқы
 мердігерлерге бағалау жүргізу
 тәртібіне
 2-қосымша

Қосалқы мердігерлердің тізбесін бағалауға арналған сұрау салу

20 _____ жылғы « ____ » _____
 шығыс № _____

1. Конкурс жеңімпазы

БСН (ЖСН)	Атауы	Қазынашылық қолдау жүзеге асырылатын жер (облыстық орталық немесе республикалық маңызы бар қалалар көрсетіледі)	Инжинирингтік компанияның электрондық мекенжайы
1	2	3	4

2. Қосалқы мердігерлердің тізбесі

№	БСН (ЖСН)	Шарттың нысанасы (тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және/немесе қызметтерді көрсету)	Шарт бойынша сома (мың теңге)
1	2	3	4

Конкурс
 жеңімпазының
 лауазымды адамы

 (ТАӘ, қолы)

мөрі

Құрылыс бойынша
 мемлекеттік сатып алуды
 қазынашылық қолдау (пилоттық
 жоба) кезінде мемлекеттік кірістер
 органдарының қосалқы
 мердігерлерге бағалау жүргізу
 тәртібіне
 3-қосымша

**Қосалқы мердігерлерді бағалауға арналған
 20__ жылғы «__» _____ №__ сұрау салуға* жауап**

1. Конкурс жеңімпазы

БСН (ЖСН)	Атауы	Қазынашылық қолдау жүзеге асырылатын жер (облыстық орталық немесе республикалық маңызы бар қалалар көрсетіледі)
1	2	3

2. Қосалқы мердігерлердің тізбесі

Р/с №	БСН (ЖСН)	Бағалау өлшемшарттарына сәйкестік (1-қосымшаға сәйкес, өлшемшарттардың реттік нөмірлері көрсетіледі)	Қызмет түрі (ЭҚЖС бойынша)
1	2	3	4

* Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 637 бұйрығына 40-қосымшаға сәйкес камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы Хабарлама нысанында толтырылады